

Blackview
BV4900 Pro
смартфоны

Мазмұны

Қауіпсіздік туралы ақпарат	3
Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар.....	4
SIM-карталар және жад картасы.....	6
Телефонды қосу/сөндіру.....	6
Саусақ ізінің сканері	7
Желіге қосу	7
SIM-картаны қалай орнатуға болады	9
Қалай іске қосу керек	9
SMS, MMS қалай жіберуге болады	9
Тіл баптауларын ауыстырып-қосу	9
SAR	9
Қорғаныстың үш деңгейі – IP68 сертификаттау шаң, ылғал мен соққыдан қорғаныс.....	9
Қауіпсіздік — өнімді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін келесі ережелерді қатаң сақтау қажет	10
Техникалық қызмет көрсету.....	11
Техникалық сипаттамалар.....	11
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	12
Қосымша ақпарат.....	13
Кепілдік талоны.....	14

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау жөніндегі ұсынымдар берілген. Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, бұйымды одан әрі қолданған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, смартфонды одан әрі қолданған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Смартфон – бұл ұялы байланыс желілерінде жұмыс істеуге арналған және мобильді операциялық жүйенің басқаруымен жұмыс істейтін мобильді телефонның түрі.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Жол қозғалысының қауіпсіздігі

Ешбір жағдайда мобильді телефонды автомобильді басқару кезінде пайдаланбаңыз.

Қоңырау жасау үшін гарнитураны пайдаланыңыз.

Әуе кемесіндегі қауіпсіздік

Әуе кемесінің бортында болған кезіңізде телефонды пайдаланбаңыз. Мобильді желі сигналдары навигация жүйесі үшін кедергі тудыруы мүмкін.

Телефонды қауіпті аймақтарда сөндіру

Телефонды жарылу қаупі ықтимал атмосферасы бар жерлерде немесе оңай жанғыш объектілері бар жерлерде (мысалы, жанармай құю станцияларында, отын қоймаларында, сондай-ақ химиялық зауыттарда) сөндіріңіз.

Арнайы қағидаларды сақтау

Ауруханаларда және басқа қоғамдық орындарда телефонды пайдалану қағидаларын сақтаңыз. Назар аударыңыз, телефон медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі жасауы мүмкін.

Қызмет көрсету

Ешқашан телефонды өзіңіз бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Оны арнайы рұқсат берілген адам орындауы тиіс. Осы шартты бұзу кепілдік міндеттемелердің күшін жояды.

Басқа құрылғыларға қосылу

Телефонды қандай да бір құрылғыға қосар алдында нұсқаулықпен мұқият танысып алыңыз. Ешбір жағдайда телефонға осы мақсатқа ол үшін арналмаған жабдықты қоспаңыз.

Шұғыл шақыру

Шұғыл шақыру жасау үшін телефон қосулы екеніне және қандай да бір оператор желісінің әрекет ету аймағында болғанына, ал қоңырау функциясы белсенді екеніне көз жеткізіңіз. Осылайша, қоңырау шалу үшін телефонның әдеттегі нөмірін тергендей, шұғыл шақыруға арналған 112 нөмірін теріңіз және шақыру батырмасын басыңыз. Шұғыл қызмет қызметкеріне Сіз қайда екеніңізді және Сізге не болғанын түсіндіріңіз.

Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар

Құрметті пайдаланушы! Назар аударыңыз, сатып алған құрылғыңыз қуат көзі ретінде литий негізіндегі аккумуляторды пайдаланады. Төменде көрсетілген ақпаратпен мұқият танысуды өтінеміз. Ол Сізге аккумуляторыңыздың қызмет ету мерзімін ұзартуға және оны пайдаланған кезде жағымсыз салдарды болдырмауға көмектеседі.

АКБ табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ уақыт сақтаған және пайдаланған кезде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша – «АКБ») заряды мен сыйымдылығын жоғалтады. Құрылғыны пайдалану кезеңінде зарядтау – зарядының бітуінің 300 циклынан кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдаланған кезде) АКБ сыйымдылығы номиналды мәнінен 80 % дейін төмендеуі мүмкін деп күтуге болады. 400 зарядтау – зарядтың бітуі циклынан кейін АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылығының 60% дейін төмендеуі мүмкін. Көрсетілген шектер мен уақыт кезеңдеріндегі сыйымдылықтың ішінара төмендеуі – бұл ақау болып табылмайтын АКБ табиғи тозуы.

АКБ тіпті құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да зарядын жоғалтады. Зарядтың өздігінен бітуі айына шамамен 5% құрайды. АКБ өз құрылымына қарай қысқа мерзімді және пайдаланыланылғанына немесе пайдаланылмағанына қарамастан үнемі нашарлайды. Бұл нашарлау температура неғұрлым жоғары қарқынды болса және заряд мөлшері неғұрлым «оңтайлы» мәнінен алшақ болса (сақтау тұрғысынан), соғұрлым жоғары болады, «оңтайлы» деп 40 % тең зарядты санайды. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, оның зарядын 40-50 % деңгейінде ұстаған жөн.

Аккумуляторлық батареяның зарядтау-зарядтың бітуі қабілеті оған кіріктірілген контроллермен басқарылады. Зарядтану және зарядтың бітуі тоқтары шектеулі болғандықтан, түпнұсқалық жиынтыққа кірмейтін сыртқы зарядтау құрылғыларындағы мәжбүрлі «жылдам зарядтау» режимдері қарсы көрсетілген.

АКБ-де «жад әсері» жоқ. АКБ-ны кез келген заряд деңгейінен бастап зарядсыздандыруға/зарядтауға болады. Көптеген құрылғыларда зарядтау/зарядтың бітуі дәрежесі бойынша шектеу бар, яғни, контроллер заряды 90 %-дан асып кетсе, АКБ-ны зарядтауға мүмкіндік бермеуі ықтимал. Сондай-ақ, ол АКБ-ның зарядын толығымен бітуіне мүмкіндік бермейді, бұл оның элементтерінің істен шығуына жол бермейді («терең зарядтың бітуі» әсерінен). Егер АКБ 2 апта бойы және одан да көп уақыт заряды біткен күйде болса, онда оның элементтеріндегі сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүреді, соның салдарынан АКБ өзі істен шығады.

Егер құрылғының АКБ заряды біткен болса және біраз уақыт пайдаланылмаса, онда құрылғыны қайта іске қоспас бұрын оны шамамен 1-2 сағатқа 3Қ-на қосулы күйде қалдыру қажет.

Тек қана түпнұсқалық зарядтау құрылғысын қолданыңыз

1. Зарядтау құрылғысын телефонға жалғаңыз.
2. Зарядтау құрылғының ашасын розеткаға қондырыңыз.
3. Батареяның зарядтау деңгейінің индикаторы батарея толығымен зарядталғанша жыпылықтайды.
4. Зарядтау кезінде батарея әдетте қызады, бұл мүлдем қалыпты.

Назар аударыңыз: зарядтау құрылғысы тиісті ағытпада тұрғанына көз жеткізіңіз. Кері жағдайда, телефон зарядталмайды. Желідегі кернеу және қуаттылық деңгейі зарядтау құрылғының номинал кернеуі мен қуаттылығына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер батареяның заряды толығымен бітсе, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болғанша біршама уақыт өтеді. Одан кейін Сізге телефонды қолдануды бастауыңызға болады.

Температуралық режимді сақтаңыз

АКБ +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада зарядталған күйде сақталуы тиіс. АКБ өте жоғары (+50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) қоршаған орта температурасында ұзақ мерзімді пайдалануда нашар жұмыс істейді. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сондай-ақ оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарға тікелей жақын жерге қалдырмаңыз.

Зақымдану іздері бар АКБ-ны бөлшектемеңіз, жандырмаңыз, пайдаланбаңыз

Ешбір жағдайда АКБ-ны өзіңіз бөлшектемеңіз және олардың элементтерін өзіңіз зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар жасауы тиіс. Элементтердің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, кейін тұтануға және жарылуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусы ашылған кезде, элементтің ішіне су түсуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал сұйықталуы мүмкін, бұл сүтегі бөліп шығаратын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін.

Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттар бөледі. АКБ белгілі бір себеппен штаттық режимде жұмыс істеуді тоқтатқан жағдайда

деформацияланған (ұлғайған, тартылған және т. б.) жағдайда авторландырылған сервистік орталыққа дереу жүгіну керек.

Назар аударыңыз: АКБ-ның жұмыс уақыты желінің баптауларына (Wi-Fi, 3G, LTE) және басқа да көптеген факторларға (орталық процессорға жүктеме, қатқыл диск, LCD дисплейінің жарықтығы және т. б.) байланысты; нақты жұмыс уақыты көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклдарының саны шектеулі болуы мүмкін және біраз уақыт өткеннен кейін ауыстыру қажет болуы мүмкін (АКБ-ға берілген шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ-ның жұмыс уақыты пайдалану режиміне және теңшелімдерге байланысты болады.

Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін мынадай ережелерді сақтаңыз:

- Аккумуляторлық батареяны батареяның басқа түріне (тиісті емес) ауыстыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның зақымдануына алып келуі мүмкін.
- Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіден көбірек уақыт алуы мүмкін. Егер батареяның кернеуі телефонды қосу үшін жеткіліксіз болса, батареяны ұзағырақ зарядтаңыз. Егер батареяның заряды толығымен бітсе, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болғанша біршама уақыт өтеді.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Егер батареядан жағымсыз иіс шықса немесе ол қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.

SIM-карталар және жад картасы

SIM-карта Сіздің телефон нөміріңіз, PIN-код (пайдаланушының дербес коды), PIN2-код, PUK-код (PIN-кодты бұғаттан шығарудың жеке коды), PUK2-код (PIN2-кодты бұғаттан шығарудың жеке коды), IMSI сәйкестендіргіші (мобильді байланыс абонентінің халықаралық сәйкестендіргіші) сияқты маңызды ақпаратты, желі туралы ақпаратты, Сіздің телефон кітабыңыздан байланыс деректерді және мәтіндік хабарламаларды қамтиды.

Сіз телефоныңызды сөндіргеннен кейін SIM-картаны салу немесе шығару алдында бірнеше секунд күте тұрыңыз. SIM-картаны неғұрлым абайлап ұстаңыз, өйткені SIM-картаның өзі және оның түйіспелері өте оңай бүлінуі немесе майыстырылуы мүмкін. Телефонды, оның аксессуарларын, сондай-ақ SIM-картаны балалардың қолы жететін аймақтан тыс сақтаңыз.


Телефонды қосу/сөндіру

- Телефонды қосу үшін **POWER** батырмасын біраз уақыт ішінде басып ұстаңыз. Экранда қуат көзінің қосылу анимациясы пайда болады.
- Телефонды бұғаттау құпиясөзін енгізіңіз (қажет болған кезде) және растау үшін **OK** батырмасын басыңыз.

- PIN-кодты енгізіңіз (қажет жағдайда) және растау үшін ОК батырмасын басыңыз. PIN-кодты Сіздің желі операторыңыз береді.
- Телефонды сөндіру үшін POWER батырмасын басып ұстаңыз.

Желіге қосылу


Сіз SIM-картаны салғаннан және телефонды бұғаттан шығарғаннан кейін қолжетімді ұялы желі автоматты түрде табылатын болады. Бұдан кейін телефон белсенді пайдалану режиміне ауысады. Экранда пайдаланылатын желінің аты көрінеді. Сіз шығыс қоңырауларды шала аласыз және кіріс қоңырауларды қабылдай аласыз.




1. SIM-картаны қалай орнатуға болады

Сіздің смартфонның қоңырау шала алатынына көз жеткізу үшін SIM-картаны келесі тәртіппен салыңыз.


1. Сим-карталар астауын алып шығыңыз.
2. Сим-карталардан бүйір жақта орналасқан тесіктегі пинге басыңыз, ал содан кейін сим-карталар астауын алып шығыңыз.



- Слот картаны және нано картаның немесе TF картаның орнын металл жағын төмен қаратып шығару. Көлбеу бұрышы картаға арналған слот көлбеуінің бұрышы бойынша тегістелетініне және тиісті слотқа орналасатынына көз жеткізіңіз.



- Телефон жоғары жайғасымда болғанда Карта ұстағышты телефонға көрсеткі бағытымен қойыңыз.



2. Қалай іске қосу керек

Алынбайтын батарея

Жүктеу үшін қуат батырмасын 3-5 секундке басыңыз

3. SMS, MMS қалай жіберуге болады

SMS

- SMS қолданбасын ашыңыз
- Жаңа хабарламаны таңдаңыз
- Телефон нөмірін енгізіңіз немесе байланыстарыңыздан таңдаңыз
- Өзгерту енгізіңіз және өзіңіздің мәтініңізді теріңіз
- Жіберу ►

MMS - Бейне

- Мәтіндік хабарлама терген кезде
- Суретті, бейнені немесе сіз қосқыңыз келген басқа файлды таңдаңыз, сонымен қатар сіз жаңа суретті түсіріп, қоса аласыз
- Таңдаңыз және жіберіңіз ►

4. Тіл баптауларын ауыстырып-қосу

- Басты мәзір—Баптаулар—Жүйелік баптаулар—Тіл және енгізу әдісі
- Тіл және енгізу әдісі—Тіл—Тілді қосу
- Сізге қажет тілді таңдаңыз, жүйе автоматты түрде таңдалған тілге ауысады
- Қажетті тілдің белгішесін таңдаңыз және жоғарғы жайғасымға жылжытыңыз

5. SAR

Осы өнімнің максималды электрмагниттік сәулеленуді (SAR) сіңірудің коэффициенті $\leq 2.0W / кг$ болып табылады.

ГБ 21288-2007 ұлттық стандарттың талаптарына сәйкес келеді.

6. Қорғаныстың үш деңгейі – IP68

сертификаттау шаң, ылғал мен соққыдан қорғаныс

- Суға төзімділікке сынау жүргізгенде су тереңдігі 1,5 метрден астам емес және де мобильді телефон суға 30 минуттан артық батырылмайтын болу керек;

- Құлауға тест: Телефонның кем дегенде 1 метр биіктіктен құлауы
- Қысыммен сынау, жер деңгейін сақтаңыз және бір нүктеде күш салмаңыз.

7. Қауіпсіздік — өнімді қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін келесі ережелерді қатаң сақтау қажет:

- Телефон кез келген медициналық қондырымдардан және жүрек ырғағын реттегіштерден кем дегенде 15 см қашықтыққа алыстатылуы тиіс және құрылғыны ешқашан пальто қалтасына салмаңыз.
- Құрылғыны және батареяны жоғары температуралардың немесе күн жарығы, қыздырғыштар, микротолқынды пештер, тұмшапештер немесе сұжылытқыштар сияқты жылу шығаратын жабдықтың әсеріне ұшыратпаңыз. Батареяның қызып кетуі жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Зарядтау аяқталғанда немесе зарядталмағанда зарядтау құрылғысын құрылғыдан ажыратыңыз және зарядтау құрылғысын электр розеткасынан ажыратыңыз.
- Егер құрылғы алынбайтын батареямен жабдықталған болса, аккумулятордың немесе құрылғының зақымдануына жол бермеу үшін, батареяны өз бетімен ауыстырмаңыз.
- Рұқсат етілмеген немесе үйлесімсіз қуат көзін, зарядтау құрылғыны немесе аккумуляторды пайдалану тұтануға, жарылысқа немесе басқа қауіптерге әкеп соғуы мүмкін.
- Аккумуляторды бөлшектемеңіз және қайта зарядтамаңыз, басқа заттарды кіргізбеңіз, батареяның ағып кетуіне, қатты қызуына, тұтануына немесе жарылуына жол бермеу үшін, оларды суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Батареяға түсетін артық қысымға жол бермеу үшін, аккумуляторды құлатпаңыз, жаншымаңыз, тырнамаңыз және шаншып теспеңіз, бұл қысқа тұйықталуға және батареяның қатты қызуына әкеп соғады.
- Компания бейстандартты зарядтау құрылғысынан туындаған жазатайым оқиғалар үшін жауапты болмайды.
- Құрылғы берік болып табылады, бірақ ол қирамайтын емес. Біз бұрынғыдай осы құрылғының құлауынан, лақтырылуынан, соғылуынан, нүктелі соққылауынан немесе майыстырылуынан аулақ болуды ұсынамыз.
- Егер Сіз CE сертификатталуына толық сәйкестігін білгіңіз келсе, осы сілтеме бойынша өтуді сұраймыз: <http://www.blackview.hk/ce/>

8. Техникалық қызмет көрсету

- Мобильді телефонды неғұрлым қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін және мобильді телефонның қызмет ету мерзімін мүмкіндігінше ұзарту үшін мобильді телефонды пайдаланудың мазмұнымен мұқият танысыңыз.
- Телефонды пайдалану, аксессуарларды бөлшектеу үшін нұсқаулықтағы нұсқауларды орындауды сұраймыз және оны мақсатынан тыс пайдаланбаңыз.
- Телефонды құлатудан, соққылаудан немесе сілкуден аулақ болуды сұраймыз. Телефонды ұқыпсыз пайдалану экранның сынуына, ішкі баспа тақшаның және жұқа құрылымның бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін.
- Телефонды тазалау үшін химиялық еріткіштерді немесе жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз. Телефон корпусын сумен немесе жұмсақ сабынмен шыланған жұмсақ мақта-мата матамен сүртіп алыңыз.
- Объективті (Мысал: камера объективін) және дисплейді таза, құрғақ жұмсақ матамен тазалаңыз.
- Егер сіз пайдалану кезіндегі апат сияқты қате кескіндемеге тап болсаңыз, өңдеу әдісі келесіде болады: Батареясын алып шығу мүмкіндігі жоқ мобильді телефон үшін қуат батырмасын басуды және 12 секундтан астам басып тұруды сұраймыз, мобильді телефон мәжбүрлі түрде қайта жүктелетін болады (қайта іске қосқан кезде телефонды бұғаттан шығарыңыз), ол жалпы қателерді шешуі мүмкін; батареяларын алып шығуға болатын мобильді телефондар үшін батареяны алып шығуды, содан кейін аккумуляторды қоюды және, қатені түзеу үшін, оны қайталап іске қосуды сұраймыз.
- Егер зарядтау құрылғысы пайдаланылмайтын болса, оны электр желісінен ажыратыңыз. Ұзақ уақыт бойы зарядтау құрылғысымен зарядталған аккумуляторды қоспаңыз, өйткені қайта зарядтау батареяның қызмет ету мерзімін қысқартады.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: BV4900 Pro.
- Операциялық жүйе: Android™ 10.
- Дисплей: 5.7", ажыратымдылығы 720x1440.
- Процессор: MediaTek MT6762V/WD, 1.8 ГГц.
- Тұрақты жад: 8 Гб.
- Жедел жад: 4 Гб.
- Өлшемдері (ұ/е/б): 157,5 x 78,1 x 13,7 мм.
- Батарея сыйымдылығы: 5580 мА·сағ.
- Негізгі камера: 13 Мп.
- Фронталды камера: 5 Мп.
- Сымсыз модульдер: Wi-Fi, BT, 3G, LTE, GPS, NFC.
- Жад карталарын қолдау: microSD.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе қосымша бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соққылар, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталған соң, оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз, дұрыс қолданылмаған жағдайда, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь ДОКЭ Электроник Ко., ЛТД.

К. 801, 3 ғим., № 7 Өндірістік аймақ, Юйлюй комьюнити, Юйтан көш., Гуанмин ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Ерекшеліктер және өнім туралы ақпарат пайдаланушыға хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.2

Жазбалар үшін

Кәбілдік талоны

Талон нөмірі: _____

SN/IMEI: _____

Құны: _____

Кәбілдікке қойылған күні: _____

Кәбілдік мерзімі: _____

Өндіруші осы бұйымға 1 жыл кәбілдік мерзімін белгілейді және бұйымның материалдары мен құрастыруында ақаулықтар жоқ екеніне, сондай-ақ бүкіл кәбілдік мерзімі ішінде үздіксіз жұмыс істейтініне кәбілдік береді. Кәбілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кәбілдік қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шартын сақтаған жағдайда, уәкілетті сервистік орталықтар аумағында кәбілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан жабдық элементтерін тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді.

Бұйымның жеке, кәсіби емес пайдалануына арналған қызмет мерзімі 12 ай құрайды, бұл ретте пайдалану ережелерін сақталуы шарт.

Өндіруші жиынтық аккумулятор батареясы мен зарядтау құрылғысына 6 ай кәбілдік мерзімін және 1 жыл пайдалану мерзімін белгілейді.

Басқа жиынтықты аксессуарларға кепілдік мерзімі – 3 ай, пайдалану мерзімі – 6 ай.

Ақаулық анықталған жағдайда авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Авторландырылған сервистік орталықтардың тізімін Сіз мына мекенжай бойынша таба аласыз:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>